

**2019-2020 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ-та сыбайлас жемқорлықтың
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
аналитикалық анықтама**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы 11 мамыр

«ҚазТрансОйл» АҚ-та (бұдан әрі – Қоғам) сыбайлас жемқорлықта құқық бұзушылықтар жасауға ықпал етуі мүмкін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында 2021 жылғы 5 сәуір мен 2021 жылғы 11 мамыр аралығында «ҚазТрансОйл» АҚ-та сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) міндетін атқарушысының 2021 жылғы 1 сәуірдегі №29 бұйрығымен құрылған мына құрамдағы жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы):

Рүстем Баймұхамбетұлы Ысқақов – корпоративтік қауіпсіздік департаментінің директоры, басшы;

Елена Сергеевна Друзь – комплаенс-бақылау қызметінің басшысы, басшы орынбасары;

Асқар Әмірбайұлы Баймаханов – шарттарды құқықтық сараптау департаменті директорының орынбасары;

Нүргүл Сәрсенбайқызы Мунбаева – адам ресурстарын басқару департаментінің координаторы;

Жанат Бисенбайқызы Жақсылықова – бизнес-процестерді және тәуекелдерді басқару департаменті тәуекелдерді басқару және ИМЖ бөлімінің бастығы;

Әсем Болатқызы Исенова – бизнес-процестерді және тәуекелдерді басқару департаменті бизнес-процестерді басқару бөлімінің бастығы;

Тұяқбай Сергейұлы Бекібаев – корпоративтік қауіпсіздік департаменті корпоративтік қауіпсіздік секторының бас менеджері;

Бақытжан Кеңесбекұлы Елшібеков – комплаенс-бақылау қызметінің бас менеджері;

Ильяна Анатольевна Ген – корпоративтік қауіпсіздік департаменті ақпараттық қауіпсіздік секторының бас менеджері;

Ерлан Спандиярұлы Байжігітов – корпоративтік қауіпсіздік департаменті корпоративтік қауіпсіздік секторының менеджері,

келесі бағыттар бойынша Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді:

1) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде мына мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін анықтау;

мұнай тасымалдау бойынша қызмет көрсету;

адам ресурстарын басқару;

тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру;

мүдделер қақтығысын реттеу;

2) Қоғамның қызметіне қатысты Қоғамның ішкі құжаттарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі

«ҚазТрансОйл» АҚ-та сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) міндетін атқарушысының 2021 жылғы 1 сәуірдегі №29 бұйрығы.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат

1. Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі мына мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін анықтау:

Мұнай тасымалдау бойынша қызметтер көрсету

Мұнай тасымалдау Қоғам қызметінің тұрақты жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ететін негізгі стратегиялық бағыты болып табылады.

Қоғамның магистральдық мұнай құбырлары жүйесімен мұнай тасымалдауы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекіткен мұнай тасымалдау кестелеріне және тұтынушылармен жасалатын шарттарға сәйкес мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы мұнайды экспортқа жеткізу (Ресей Федерациясының аумағы арқылы);
- Мұнайды ішкі нарыққа: «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-на, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-на, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-на және «CASPI BITUM» ЖШС-на жеткізу;
- Ақтау қаласының портындағы танкерлерге мұнайды тиеу;
- «КҚК-Қ» АҚ, «МұнайТас» ЖШС және «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС-ның жүйесіне мұнайды ауыстырып тиеу;
- «Шағыр» МҚП және Т.Қасымов атындағы МАС-тың теміржол эстакадасынан вагон цистерналарына мұнайды құю.

Бұдан басқа, Қоғам Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы «Магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор туралы» №1273 қаулысына сәйкес қазақстандық мұнай жөнелтушілердің атынан, олардың есебінен және тапсырмасы бойынша басқа мемлекеттердің аумақтары арқылы мұнай тасымалдауды ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсетуге жасалған шарттарды және олар берген сенімхаттар негізінде белгіленген тәртіппен мұнай жөнелтушілермен, оның ішінде мұнай тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін басқа мемлекеттердің ұйымдарымен тиісті, мұнайды теңіз терминалдары арқылы ауыстырып тиеу, мұнайды теңіз терминалдары арқылы ауыстырып тиеу кезінде көліктік-экспедиторлық (экспедициялық) қызмет көрсету және Қоғамға меншік құқығымен тиесілі магистральдық мұнай құбыры арқылы Қазақстан Республикасының аумағынан тасымалданатын мұнайды басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы тасымалдауды қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да шарттарды жасасады.

Жоғарыда көрсетілген қызметтерді көрсету кезінде Қоғам басқалармен бірге мынадай құжаттарды да басшылыққа алады:

1) Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай транзиті туралы келісім (Санкт-Петербург қаласы, 2002 жылғы 7 маусым);

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына ресейлік мұнайды тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Мәскеу қ., 2013 жылғы 24 желтоқсан);

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негіздемелік келісім (Пекин қ., 2004 жылғы 17 мамыр);

4) Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (Астана қ., 2014 жылғы 29 мамыр);

5) Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарт (Мәскеу қ., 2017 жылғы 11 сәуір);

6) «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

7) «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

8) «Магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы №1273 қаулысы;

9) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 маусымдағы №58 бұйрығымен бекітілген мұнай тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шарт;

10) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі №276 бұйрығымен бекітілген Магистральдық мұнай құбырларымен мұнай тасымалдау графигін қалыптастыру қағидалары;

11) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы №191 бұйрығымен бекітілген Мұнай жеткізу графигін қалыптастыру қағидалары;

12) ҚР СТ 1474-2016 Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнайды есепке алу жөніндегі нұсқаулық;

13) ҚР СТ 1347-2005 Мұнай. Жалпы техникалық шарттар;

14) АҚ СТ 38440351-6.003-2011 «Магистральдық мұнай құбырлары. Тапсырылатын және қабылданатын мұнай теңгерімінің дәлдік нормалары»;

15) СТ 6636-1901-АҚ-039-6.004-2019 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнай және су сапасын бақылау зертханаларына қойылатын талаптар»;

16) СТ 6636-1901-АҚ-039-8.016-2019 «Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнай мен судың сапасын бақылау зертханаларына қойылатын талаптар. Реактивтерге, зертханалық ыдыстарға және аппаратураға арналған шығыс нормалары»;

17) АҚ СТ 38440351-6.001-2010 Магистральдық мұнай құбырлары. Резервуарлардағы мұнайдың технологиялық және ұтқыр қалдықтарын айқындау әдістемесі;

18) АҚ СТ 38440351-8.002-2019 «ҚазТрансОйл» АҚ бағыттары бойынша тасымалдау кезіндегі мұнайдың техникалық шығындарының нормативтері»;

19) «ҚазТрансОйл» АҚ аналитикалық және химиялық зертханаларының қалдықтарымен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулық;

20) «ҚазТрансОйл» АҚ-та сәйкес емес өнімді басқару жөніндегі нұсқаулық;

21) «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-жоспарлау жөніндегі қағидалар.

Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер қызметтер көрсету үшін қажетті шығындар құнынан төмен болмауға және табиғи монополия субъектісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін ескеруге тиіс. Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтерді табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында мұнай тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтерді Қоғам дербес өзі бекітеді. Осы тарифтерді есептеу үшін Қоғамда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында мұнайды магистральдық құбырлармен тасымалдау бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ қызметтеріне тарифтерді есептеу әдістемесі бекітілді және қолданылады.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына өтетін Ресей мұнайының тасымалдау құнын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітеді.

Мұнай жөнелтушілер ай сайын мұнай тасымалдауға тапсырыстар мен өтінімдерді ресімдейді және оларды tasmaldau.kz. сайты арқылы жібереді. Бұл құжаттар Lotus Notes/Domino электрондық құжат айналымы жүйесіндегі кіріс құжаттарын тіркеу карточкасын енгізу арқылы Қоғамға автоматты түрде келіп түседі.

Сондай-ақ, ақпараттық жүйелерде (SAP ERP, АБАЖ) әртүрлі құжаттар (жеделхаттар, хабарламалар, төлем тапсырмалары, шоттар, позициялық кестеден үзінділер және т.б.) автоматты түрде жасалады, олардың таратылуы tasmaldau.kz. сайты арқылы автоматты режимде жүргізіледі.

Осылайша, мұнай тасымалдау процесінің заңнамалық және ішкі деңгейлерде жеткілікті реттелгенін, сондай-ақ бизнес-процестерді автоматтандырудың (цифрландырудың) ұлғайып келе жатқан үлесін ескере отырып, осы бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау тәуекелдері анықталған жоқ. 2019-2020 жылдардағы бақылау органдарының Қоғамды тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты ескертулер берілген жоқ.

Бұл ретте, жыл сайын көрсетілетін қызметтердің сапасын үздіксіз арттыру мақсатында Тұтынушылардың «ҚазТрансОйл» АҚ көрсететін қызметтерге қанағаттану дәрежесін айқындау әдістемесіне сәйкес тұтынушылардың Қоғам көрсететін қызметтерге қанағаттану деңгейіне сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша 2019 - 2020 жылдары мұнай тасымалдау бойынша қызметтерді тұтынушылардың қанағаттану деңгейі 100%-ды құрады.

Адам ресурстарын басқару

Қоғамдағы адам ресурстарын басқару процесі ұйымдастыру және еңбекақы төлеу, жұмыскерлерді ынталандыруды басқару, жұмыскерлерді іріктеу, орналастыру және бағалау, Қоғам жұмыскерлерін оқыту және дамыту, сондай-ақ Қоғамның әлеуметтік саясатын басқару сияқты бағыттарды қамтиды.

Қоғамның адам ресурстарын басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету адам ресурстарын басқару департаментінің (бұдан әрі - АРБД) міндеті болып табылады.

АРБД өз қызметінде, басқалармен қатар, келесі құжаттарды басшылыққа алады:

- 1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 2) «ҚазТрансОйл» АҚ Жастар саясаты;
- 3) «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексі;
- 4) «ҚазТрансОйл» АҚ Әлеуметтік жауапкершілік кодексі;
- 5) «ҚазТрансОйл» АҚ-та дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау қағидалары;
- 6) «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің қызметтік іссапарлары туралы қағидалары;
- 7) «ҚазТрансОйл» АҚ пен оның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының жұмыскерлерін, «ҚазТрансОйл» АҚ ардагерлерін марапаттау және көтермелеу тәртібі туралы ереже;
- 8) «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерін оқыту және дамыту қағидалары;
- 9) «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерін аттестаттаудан өткізу қағидалары;
- 10) «ҚазТрансОйл» АҚ-да «Кәсіптегі үздік» конкурсын өткізу қағидалары;
- 11) «ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының және операторлық қызметтер көрсету департаментінің ішкі еңбек тәртіптемесінің қағидалары;
- 12) «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің жұмысшы кәсіптері бойынша лауазымдық нұсқаулықтар мен нұсқаулықтарды әзірлеу қағидалары;
- 13) «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді әзірлеу қағидалары;
- 14) «ҚазТрансОйл» АҚ-та жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау регламенті;
- 15) «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерінің жұмыс уақытын есепке алу жөніндегі нұсқаулық;
- 16) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының адам ресурстарын басқару департаменті туралы ереже;
- 17) «ҚазТрансОйл» АҚ-та вахталық жұмыс әдісі туралы ереже;
- 18) «ҚазТрансОйл» АҚ Жас мамандар кеңесі туралы ереже.

Бос лауазымдарға кадрларды іріктеу және келісу тәртібі Қоғамның мынадай ішкі құжаттарында айқындалған:

- 1) Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 18 ақпандағы шешімімен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-тағы бос лауазымдар мен жұмыс кәсіптеріне кадрларды конкурстық іріктеу қағидалары (№5 отырыс хаттамасы);
- 2) Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) 2017 жылғы 27 қыркүйектегі №162 бұйрығымен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ филиалдарында, өкілдіктерінде және өзге де аумақтық жекеленген құрылымдық бөлімшелерінде кейбір бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді, сондай-ақ жұмысшы кәсіптері бойынша бос орындарды келісу тәртібі.

АРБД қызметіне қатысты нормативтік құжаттар

Талдау барысында Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 7 желтоқсандағы шешімімен (№29 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының адами ресурстарды басқару департаменті туралы ереже, Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 18 ақпандағы шешімімен бекітілген (№5 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ-тағы бос лауазымдар мен жұмыс кәсіптеріне

кадрларды конкурстық іріктеу қағидалары, Кейбір бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды келісу тәртібі, сондай-ақ Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) 2017 жылғы 27 қыркүйектегі №162 бұйрығымен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-тың өкілдіктері мен өзге де аумақтық жекеленген құрылымдық бөлімшелерінде, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ филиалдарындағы жұмыс кәсіптері бойынша бос жұмыс орындарына кандидаттарды келісу тәртібі және АРБД қызметін регламенттейтін басқа да ішкі құжаттар зерттелді.

Қоғамның демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуінің негізгі бағыттары, сондай-ақ демеушілік және қайырымдылық көмек бойынша бюджеттің шығыс бөлігін әзірлеу, оның жұмсалыуына мониторингті және бақылауды қамтамасыз ету тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен бекітілген (№126 отырыс хаттамасы) «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Қайырымдылық саясаты және Қоғамның Директорлар кеңесінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі шешімімен бекітілген (№4 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» жабық акционерлік қоғамының демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету қағидаларында айқындалған. Осылайша, 2017 жылдан бастап барлық демеушілік және қайырымдылық көмекті «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының барлық тобынан демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету бойынша бірыңғай оператор болып табылатын «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры ғана көрсетеді. 2020 жылы мемлекет басшысы короновирустық инфекцияның таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі, оның ішінде елдің медициналық мекемелерін пандемиямен күресу үшін қажетті жабдықпен жарақтандыруға көмек көрсету жөніндегі шараларды ұсынды. Осыған байланысты, COVID-19 таралуына қарсы іс-шараларды іске асыру шеңберінде Қоғам өкпені жасанды желдететін (ӨЖЖ) 68 стационарлық аппаратын сатып алуға, оларды одан әрі өңірлік мемлекеттік медициналық мекемелерге беру үшін демеушілік көрсетті.

Қоғам Басқармасының 2018 жылғы 5 қазандағы шешімімен (№25 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлерін аттестаттаудан өткізу қағидаларына сәйкес АРБД жұмыскерлердің кәсіби құзыреттіліктерін аттестаттаудан өткізу жолымен бағалау процесін ұйымдастырды. Осы Қағидалардың талаптарына сәйкес кезекті және кезектен тыс аттестаттауды өткізетін аттестаттау комиссиясы құрылады. АРБД, өз кезегінде, Қоғамдағы сертификаттауды дайындап, ұйымдастырады. Аттестаттау компьютерлік тестілеу өткізу арқылы жүзеге асырылады. Шекті деңгейді 60%-дан кем емес дұрыс жауапты жинаған жұмыскер тестілеуден өткен болып табылады. Шекті деңгейден төмен балл жинаған жұмыскерлерде қайта тестілеу мүмкіндігі бар. Тестілеу қорытындысы бойынша аттестаттау комиссиясы шешім қабылдайды/ұсыныстар енгізеді. Қабылданған шешімді қайта қарау нәтижелері бойынша Қоғамның аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда, Қоғам жұмыскерлері Қоғамның бас директорына (Басқарма төрағасына) осы шешімге жазбаша жүгіну арқылы шағым түсіруге құқылы.

Талдау нәтижелері бойынша мыналар анықталды.

Қоғамның персоналды басқару мәселелері жөніндегі ішкі құжаттарының көбісі өзекті етуді, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, Қоғам құрылымының немесе Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының (мыналарды қоса алғанда, бірақ шектемей, «ҚазТрансОйл» АҚ Әлеуметтік жауапкершілік кодексін, АҚ СТ ИМЖ 38440351-037-2010 Персоналды кадрлық есепке алу, «ҚазТрансОйл» АҚ-тағы дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау қағидаларын,


«ҚазТрансОйл» АҚ-тағы бос лауазымдар мен жұмыс кәсіптеріне кадрларды конкурстық іріктеу қағидаларын) өзгерістерін ескере отырып, өзекті етуді талап етеді.

Сыртқы аудитті, мемлекеттік органдардың актілерін, сондай-ақ АРБД қызметінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал етуі мүмкін өзге тәуекелдер есепті кезеңде анықталған жоқ.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру

Қоғам сатып алу қызметін басқаруды Қоғамның даму стратегиясына сәйкестік, сатып алу қызметін басқару процестерінің өзара байланыстылығы, шығындарды барынша азайту, қажетті тауарлармен, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтермен талап етілетін сапамен уақтылы қамтамасыз ету, сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы, сондай-ақ қабылданатын шешімдерді бақылау және олардың жауапкершілігі қағидастары бойынша жүзеге асырады. Бұдан басқа, Қоғам еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде белгіленген талаптарды ұстанатын жеткізушілерді артық көреді.

Сатып алу рәсімдері «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-ның электрондық алаңында жүргізіледі және келесі кезеңдерді қамтиды:



Сатып алуды автоматтандыру және электрондық шарттар жүйесін енгізу сатып алу процесінің әрбір кезеңінде уақыт шығындарын едәуір қысқартуға мүмкіндік берді.

Ұлттық экономиканы және жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыра отырып, Қоғам холдингішілік кооперацияны дамыту мақсатында қазақстандық өндірушілерден және «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдарынан сатып алынатын тауарлар үлесін ұлғайтуға ұмтылады.

Сатып алу қорытындысы бойынша отандық тауар өндірушілермен және мүгедектер ұйымдарымен жалпы сомасы 3 376 млн.теңгеге 2020-2024 жылдарға арналған ұзақ мерзімді шарттар жасалды. 2020 жылы қосымша 4 928 млн. теңге сомасына отандық тауар өндірушілермен 1 жыл мерзімге шарттар жасалды, олар 100%-ға сатылды.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспары бойынша сатып алудың жалпы көлемі 2019 жылы Қоғам 57 245 698,66 мың теңгені құрады (орындалмаған лоттар жоқ). 2019 жылы Қоғамның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуының ұзақ мерзімді жоспары бойынша сатып алудың жалпы көлемі 10 438 713,11 мың теңгені құрады (орындалмаған лоттар жоқ).

Қоғамның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуының жылдық жоспары бойынша сатып алудың жалпы көлемі 2020 жылы 43 935 072 587,70 теңгені құрады (орындалмаған лоттар жоқ). Қоғамның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ұзақ мерзімді жоспары бойынша сатып

алудың жалпы көлемі 2020 жылы 34 447 137 524,20 теңгені құрады (орындалмаған лоттар жоқ).

Талдау аясында жұмыс тобы Қоғамдағы сатып алу қызметін реттейтін құқықтық базаны зерттеді, оның ішінде, бірақ онымен шектелмейді:

- 1) Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңы;
- 2) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі;
- 3) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандарты;
- 4) Электрондық дүкен арқылы сатып алу қағидалары;
- 5) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыруын бақылау қағидалары;
- 6) Өндірушілерді қолдау тәртібі;
- 7) «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару қағидалары;
- 8) «ҚазТрансОйл» АҚ-та шарттарды дайындау, жасасу, тіркеу және орындау қағидалары;
- 9) «Қазақстан – Қытай» мұнай құбырының («Құмкөл – Атасу» мұнай құбыры) өткізу қабілетін ұлғайту жобасы шеңберінде көзделген объектілерді жобалауды, реконструкциялауды, салуды жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайды.

Қоғамдағы сатып алу процесін реттейтін құжаттарды зерделеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ оларды өткізудің электрондық форматын назарға ала отырып, жұмыс тобы тапсырыс беруші мен әлеуетті өнім берушінің өкілдері арасындағы құқықтан тыс байланыстарды барынша азайтатын Қоғамдағы сатып алу рәсімін жеткілікті егжей-тегжейлі регламенттеу және олардың ашықтығы туралы қорытындыға келеді, соның салдарынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдері үшін алғышарттар мен негіздер қаралмайды.

2019-2020 жылдар кезеңінде бекітілген сатып алу жоспарында (жоспарларында) көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу фактілері анықталған жоқ.

Осылайша, Қоғамда пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың қолданыстағы рәсімдері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың барлық нысандарын анықтау және болдырмау үшін жеткілікті тиімді және ашық болып табылады.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Қоғамдағы мүдделер қақтығысын реттеу процесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының нормаларымен, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларындағы мүдделер қақтығысын реттеу саясатының ережелерімен (Қоғамның ішкі құжаттарына қайшы келмейтін бөлігінде) және белгіленген тәртіппен бекітілген Қоғамның келесі ішкі құжаттарымен реттеледі:

- 1) «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексі;
- 2) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты;
- 3) «ҚазТрансОйл» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары;
- 4) «ҚазТрансОйл» АҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу регламенті;
- 5) «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасында бұзушылықтардың пайда болу қатерін басқару жөніндегі саясаты
- 6) «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- 7) «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы туралы ереже;
- 8) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының комплаенс-бақылау қызметі туралы ереже;
- 9) «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшелері мен өзге де басшылары арасында міндеттерді, өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөлу мәселелері» Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) 2020 жылғы 8 шілдедегі №58 бұйрығы.

Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері басшылыққа алатын негізгі, неғұрлым маңызды қағидаттар мен іскерлік мінез-құлық қағидалары Қоғам Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен бекітілген (№12/2020 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік әдеп кодексімен айқындалған.

Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 21 қазандағы шешімімен бекітілген (№25 отырыс хаттамасы) Комплаенс-бақылау қызметі туралы ережеге сәйкес Қоғамның лауазымды тұлғалары мен басқа да жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысының бар болуына мониторингті жүзеге асыру және оны реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етуге жәрдемдесу аталған қызметтің функциясы болып табылады.

Қоғам Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 26 ақпандағы шешімімен бекітілген (№2/2015 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатқа сәйкес Қоғам оның лауазымды адамдары үшін мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына және Қоғамның лауазымды адамдарының мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға қатысуына, олар бойынша шешімдер қабылдауына жол бермеу, сондай-ақ орын алған мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасына міндетті түрде жеткізу жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ, осы саясат мүдделер қақтығысын болдырмайтын Қоғамның өзге де жұмыскерлері үшін ұқсас міндеттерді белгілейді. Бұдан басқа, көрсетілген саясатта Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда тиісті шаралар айқындалған (лауазымды тұлғаның немесе жұмыскердің нақты ақпаратқа қол жеткізуін шектеу, мүдделер қақтығысы бар немесе болуы мүмкін мәселелерді

талқылауға қатысудан және олар бойынша шешімдер қабылдаудан шеттету (тұрақты немесе уақытша), лауазымды тұлғаның немесе жұмыскердің міндеттерін/лауазымдық міндеттерін қайта қарау және өзгерту және т.б.).

Бұдан басқа, Қоғам Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 15 наурыздағы шешімімен бекітілген (№3/2017 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы туралы ережеге сәйкес, Қоғам Басқармасының мүшелері:

тұрақты негізде мүдделер қақтығысының болуына мониторинг жүргізеді және мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына жол бермейді, оларда мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға қатыспайды, оның ішінде осы мәселелер бойынша ақпарат сұрамайды және олар бойынша шешімдер қабылдамайды;

Қоғам Басқармасы мүшесінің осы Басқарма мүшесінде мүдделер қақтығысы бар мәселелер бойынша ақпаратқа қол жеткізуін шектеу жөнінде шаралар қабылдайды;

Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасына не бас директорға (Басқарма төрағасына) орын алған мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты жазбаша түрде жібереді;

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Жарғысында өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді белгіленген мерзімде Қоғамға ұсынады;

Қоғамның мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерімен танысуын және оларды сақтау міндетін жазбаша растайды.

Сондай-ақ, «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы туралы ережеде Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) болмаған кезде оның міндеттерін орындауды Қоғамның жақын туыстары, жұбайлары немесе жекжаттары болып табылатын Басқарма мүшелеріне жүктеуге тыйым салынған.

Тоқсан сайынғы негізде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа Қоғам жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларында анықталған мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты тіркеу журналы жіберіледі.

Есепті кезеңде Қоғамда мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қайшы әрекеттер фактілері туралы Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері +7(7172)555-210 телефоны бойынша, Қоғамның doverie@kaztransoil.kz электрондық ақпараттық сенім жүйесіндегі «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» деп аталатын арнайы бөлінген желісіне, тиісті шаралар қабылдау үшін 5213@kaztransoil.kz жолдауға болады.

Бұл ретте, мұндай өтініш жасалған жағдайда олардың құқықтарына қысым жасалмауы тиіс.

Осылайша, мүдделер қақтығысын анықтауға және шешуге бағытталған Қоғамдағы рәсімдер өте тиімді.

2. Қоғамның қызметін қозғайтын ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Жұмыс тобының пікірінше, талдау жүргізілетін бизнес-процестерді реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарында дискрециялық нормалар жоқ.

Бұдан басқа, «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ, сондай-ақ «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мүшесі бола отырып, Қоғам

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіруге және тиісінше Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде пайдаланылатын өзінің құқықтық базасын жақсартуға бағытталған норма шығару процесіне тұрақты негізде қатысады.

Қорытынды және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар

Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау Қоғамның қолданыстағы құқықтық актілері мен ішкі құжаттарына қатысты да, Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіне қатысты да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды азайту бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сондай-ақ оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайтуға бағытталған одан әрі жұмыс жүргізу талап етілетінін көрсетті. Осы қорытындыны ескере отырып, мынадай ұсынымдар берілуі мүмкін.

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында:

1) Қоғамның Тасымалдау департаменті белгіленген тәртіппен қызметтерді тұтынушылармен келіссөздер жүргізсін және Қоғам жаңадан жасасатын мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуге және басқа мемлекеттердің аумақтары арқылы мұнай тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы бөлімді қоссын (келісім бойынша);

2) адами ресурстарды басқару департаменті персоналды басқару мәселелері бойынша ішкі құжаттардың нормаларын, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, Қоғам құрылымының немесе Қоғамның басқа да ішкі құжаттары өзгерістерін ескере отырып үйлестіру мақсатында, белгіленген тәртіппен персоналды басқару мәселелері бойынша Қоғамның ішкі құжаттарының, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ережелерді (қажет болған кезде) енгізе отырып, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын өзекті етуді қамтамасыз етсін;

3) шығындарды азайту, сондай-ақ сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы қағидаттарын назарға ала отырып, Қоғамның бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және келісімшарттар және жергілікті қамтуды дамыту департаменті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды белгіленген тәртіппен жоспарлау және жүзеге асыру кезінде келесі кезеңдерде назарды бәсекелі ортасы бар сатып алу тәсілдеріне (мысалы, тендер немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен) ауыстыру мүмкіндігін қарасын;

4) Қоғамның комплаенс-бақылау қызметі белгіленген тәртіппен Қоғамның лауазымды адамдары мен басқа да жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысына мониторинг жүргізу және оны реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастырсын.